

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 92 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 28 ақпандағы № 19 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2016 жылғы 30 тамыздағы № 92 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2023 жылғы 28 ақпандағы  
№ 19 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 92 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 30 тамыздағы  
№ 92 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН  
(Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының

**Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы ақпараттық жүйені қалыптастыру және жүргізу тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 12 ақпандағы № 30 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Медициналық бұйымдарды тіркеу және олардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне сараптама жүргізу қағидалары туралы" 2016 жылғы 12 ақпандағы № 46 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Медициналық бұйымдар номенклатурасын жүргізу қағидалары туралы" 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 177 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін сүйемелдеу және техникалық қызмет көрсету регламентін бекіту туралы" 2019 жылғы 6 тамыздағы № 136 шешімі.

## **II. Қолданылу саласы**

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде пайдаланады.

## **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процеске қатысушыға белгілі бір іс-қимылдарды орындауға құқықтар беру;

"тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделген құжаттар" – медициналық бұйымдарды тіркеумен және оларға сараптама жүргізумен байланысты рәсімдерді жүзеге асыру процесінде Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ресімдеген немесе олардың сұрау салуы бойынша ресімделген құжаттар;

"медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер" – медициналық бұйымдарды тіркеуге және оларға сараптама жүргізуге өтініштер туралы, сондай-ақ берілген тіркеу куәліктері туралы мәліметтер жиынтығы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "тану мемлекеті", "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімі", "тіркеу дерекнамасы", "тіркеу куәлігі" және "референт мемлекет" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "Медициналық бұйымдарды тіркеу және олардың

қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне сараптама жүргізу қағидалары туралы" 2016 жылғы 12 ақпандағы № 46 шешімімен бекітілген Медициналық бұйымдарды тіркеу және олардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне сараптама жүргізу қағидаларында айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "Медициналық бұйымдардың жаһандық номенклатурасы", "Одақтың медициналық бұйымдар номенклатурасы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 177 шешімімен айқындалған Медициналық бұйымдар номенклатурасын жүргізу қағидаларында айқындалған мәндерде қолданылады.

#### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: P.MM.06, 1.1.0-нұсқа.

##### **1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Жалпы процестің мақсаты тіркелген медициналық бұйымдар туралы ақпарат алмасумен байланысты шығасыларды медициналық бұйымдардың айналысы саласында бірыңғай ақпараттық кеңістік құру есебінен азайту үшін алғышарттар жасау болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі шеңберінде (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер қамтылған ақпараттық ресурс құру;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді интеграцияланған жүйені пайдаланып, электрондық түрде және автоматтандырылған режимде алуы мүмкіндігін қамтамасыз ету;

в) мүдделі тұлғалардың және Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қызметкерлерінің Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімінен (бұдан әрі – бірыңғай тізілім) өзекті, толық және анық мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы алуы мүмкіндігін қамтамасыз ету;

г) ортақ ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және жаңарту кезінде бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтардың пайдаланылуын қамтамасыз ету.

##### **2. Жалпы процеске қатысушылар**

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

**Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                 | Сипаттамасы  |
|-------------------|---------------------------------------|--|
| 1                 | 2                                     | 3  |
| P.ACT.001         | Комиссия                              | Одақтың бірыңғай тізілімді қалыптастыру мен жүргізуді, оның ішінде интеграцияланған жүйені пайдаланып мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан мәліметтерді алу мен бірыңғай тізілімді жаңартуды, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына сұрау салулар бойынша медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді ұсынуды, Одақтың ақпараттық порталындағы бірыңғай тізілімге қолжетімділікті қамтамасыз ететін органы             |
| P.MM.06.ACT.001   | мүше мемлекеттің уәкілетті органы     | референт мемлекеттің немесе тану мемлекетінің медициналық бұйымдарды тіркеумен байланысты рәсімдерді жүзеге асыратын уәкілетті органы ( сараптама ұйымы) тіркеу рәсіміндегі өзінің рөлінде көзделген мөлшерде Комиссияға интеграцияланған жүйені пайдаланып тіркелген медициналық бұйымдар және медициналық бұйымдарды тіркеуге өтініштер туралы мәліметтерді ұсынады, сондай-ақ медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер алады |
| P.MM.06.ACT.002   | референт мемлекеттің уәкілетті органы | мүше мемлекеттің медициналық бұйымдарды тіркеу туралы өтініштерді қарауды жүзеге асыратын уәкілетті органы ( сараптама ұйымы) тіркеу дерекнамасына сараптама жүргізеді, сараптаманың жинақты қорытындысын келісу үшін дайындайды және ұсынады, тану мемлекеті уәкілетті органының сұрау салуы бойынша тіркеу дерекнамасында қамтылған құжаттарды, сондай-ақ тіркеу дерекнамасын қарау кезінде  |

|                 |  |  |
|-----------------|--|--|
|                 |  | ресімделген құжаттарды қалыптастырып, ұсынады  |
| P.MM.06.ACT.003 | тану мемлекетінің уәкілетті органы   | мүше мемлекеттің сараптамалық қорытындыны қарауды жүзеге асыратын уәкілетті органы (сараптама ұйымы) референт мемлекеттің уәкілетті органынан сұрау салу бойынша тіркеу дерекнамасында қамтылған құжаттарды, сондай-ақ тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделген құжаттарды алады және сараптамалық қорытындыны тану туралы шешімді немесе сараптамалық қорытындыға қатысты ескертулерді ұсынады |
| P.MM.06.ACT.004 | мүдделі тұлға  | мүше мемлекеттің Одақтың ақпараттық порталының бірыңғай тізілімінен мәліметтер сұрататын шаруашылық жүргізуші субъектісі немесе мемлекеттік билік органы   |
| P.MM.06.ACT.005 | Одақтың медициналық бұйымдар номенклатурасының операторы                               | мүше мемлекеттің Одақтың медициналық бұйымдар номенклатурасын жүргізуді жүзеге асыратын, сұрату бойынша Одақтың медициналық бұйымдар түрінің кодын беретін уәкілетті органы (сараптама ұйымы)  |
| P.MM.06.ACT.006 | Одақтың медициналық бұйымдар түрінің кодын сұрататын мүше мемлекеттің уәкілетті органы | мүше мемлекеттің Одақтың медициналық бұйымдар номенклатурасының операторынан Одақтың медициналық бұйымдар түрінің кодын сұрататын уәкілетті органы (сараптама ұйымы)   |

### 3. Жалпы процесс құрылымы

10. Жалпы процесс дегеніміз өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

- а) медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдері;
- б) медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдері;
- в) тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау рәсімдері;
- г) сараптамалық қорытындыны қарау кезінде мәліметтер алу рәсімдері;
- д) тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу рәсімдері;
- е) Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындаған кезде медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары интеграцияланған жүйені пайдалану арқылы береді. Осы мәліметтердің негізінде бірыңғай тізілім қалыптастырылады және Одақтың ақпараттық порталында жарияланады, бұған мүдделі тұлғаларға қолжетімділік беріледі.

Медициналық бұйымдарды тіркеумен байланысты рәсімдерді орындаған кезде келісілген әрекеттерді жүзеге асыру үшін референт мемлекеттердің уәкілетті органдары мәліметтерді тану мемлекетінің уәкілетті органдарына кейіннен ұсыну үшін медициналық бұйымдарға сараптама жасауға және оларды тіркеуге қарау үшін келіп түскен өтініштердің (бұдан әрі – өтініштер) тіркеу нөмірлері туралы мәліметтерді Комиссияға береді. Медициналық бұйымдарды тіркеумен байланысты рәсімдер аяқталған кезде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берілген, бірыңғай тізілімге қосылатын тіркеу куәлігі туралы мәліметтерді Комиссияға береді. Өтініш иесі Комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 46 шешімімен бекітілген Медициналық бұйымдарды тіркеу және олардың қауіпсіздігіне, сапасы мен тиімділігіне сараптама жүргізу қағидаларын (бұдан әрі – Тіркеу қағидалары) бұзған, оның ішінде референт мемлекеттің уәкілетті органы сұратқан құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда Комиссияға өтініштің қаралуы тоқтатылатыны туралы мәліметтер жіберіледі. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының келісілген әрекеттерін қамтамасыз ету үшін медициналық бұйымдарды тіркеу процесінде жалпы процестің медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдері тобына қосылған мынадай рәсімдері орындалады:

Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну;

Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну;

Комиссияға өтінішті қарау тоқтатылғаны туралы мәліметтер ұсыну.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Комиссияда сақталатын медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алуы қажет болғанда, сондай-ақ референт мемлекеттің уәкілетті органының тіркеу куәлігінің нөмірін алуы қажет болғанда жалпы процестің медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдерінің тобына қосылған мынадай рәсімдері орындалады:

медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу;

медициналық бұйымдардың тіркелгені туралы мәліметтер алу;

медициналық бұйымдарды тіркеу туралы өзгертілген мәліметтерді алу;

тіркеу куәлігінің нөмірі туралы мәліметтерді алу.

Тіркеу куәлігі қолданысының мәртебесі өзгерген, оның ішінде оның қолданысы тоқтатылған жағдайда тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау рәсімдерінің тобына қосылған "Тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау" рәсімі орындалады.

Сараптамалық қорытындыны қарау кезінде жалпы процестің сараптамалық қорытындыны қарау кезінде мәліметтер алу рәсімдерінің тобына қосылған мынадай рәсімдері орындалады:

- сараптамалық қорытындыдан мәліметтер жіберу;
- сараптамалық қорытынды бойынша ескертпелер мен ұсыныстар жіберу;
- сараптамалық қорытындыны тануды (танымауды) растау.

Референт мемлекеттің уәкілетті органы тіркеу дерекнамасында қамтылған қосымша не өзгертілген, оның ішінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша және олардың ескертулеріне жауап ретіндегі, сондай-ақ тіркеу дерекнамасын қарау процесінде құжаттардың ресімделуіне, оның ішінде сараптамалық қорытындының ресімделуіне қарай құжаттарды алған жағдайда, референт мемлекеттің уәкілетті органы тану мемлекеттерінің уәкілетті органдарына осындай құжаттар сұрау салу бойынша алу үшін қолжетімді екенін хабарлайды. Тіркеу қағидаларында көзделген сараптамалық қорытындыны қарау және келісу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін тіркеу дерекнамасында қамтылған құжаттар тізбесін, тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделген құжаттар тізбесін (оның ішінде сараптамалық қорытындыны) сондай-ақ қажет болған кезде осы тізбелерден кез келген құжатты сұрау салу бойынша тану мемлекетінің уәкілетті органының алу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Тіркеу дерекнамасында қамтылған құжаттарды немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу қажеттігі болған жағдайда, сондай-ақ көрсетілген құжаттар өзгерген кезде, жалпы процестің тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу рәсімдерінің тобына қосылған мынадай рәсімдері орындалады:

тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттар құрамының өзгерісі туралы хабарлау;


тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттардың құрамы туралы мәліметтерді алу;

тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу.

Медициналық бұйымдардың жаһандық номенклатурасы медициналық бұйымдары түрінің кодына сәйкес келетін Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу қажет болған кезде мүше мемлекеттің Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын сұрататын уәкілетті органы Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу рәсімдерінің тобына қосылған "Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу" рәсімін орындайды.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.





1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Жалпы процестің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдерін орындау тәртібі , операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы схема келтіріледі, ол жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты және рәсімдерді орындау тәртібін көрсетеді. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (бірідендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотация пайдаланып жасалған және оның мәтіндік сипаттамасы бар.

#### **4. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдерінің тобы**

15. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдері медициналық бұйымдарды тіркеумен байланысты рәсімдерді жүзеге асыру кезінде орындалады.

Өтініш түскен кезде процедура "Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.001) рәсімі орындалады.

Референт мемлекеттің уәкілетті органы медициналық бұйымдарды тіркеу туралы шешім қабылдаған, өтініш туралы мәліметтерді өзгерткен, сондай-ақ тіркелген медициналық бұйым туралы мәліметтерді өзгерткен жағдайда "Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.002) рәсімі орындалады.

Референт мемлекеттің уәкілетті органы Тіркеу қағидаларында көзделген жағдайларда өтінішті қарауды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда "Комиссияға өтінішті қарау тоқтатылғаны туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.003 ) рәсімі орындалады.

Мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 92 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес (бұдан әрі – Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 92 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес болуға тиіс.

16. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген

2-кесте

**Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы  | Сипаттамасы   |
|-------------------|--|---|
| 1                 | 2  | 3   |
| P.MM.06.PRC.001   | Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну           | рәсім келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді қалыптастыруға және Комиссияға беруге арналған   |
| P.MM.06.PRC.002   | Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну | рәсім медициналық бұйымды тіркеу туралы өзгертілген мәліметтерді, оның ішінде тіркеу куәлігі туралы мәліметтерді қалыптастыруға және Комиссияға беруге арналған |
| P.MM.06.PRC.003   | Комиссияға өтінішті қарау тоқтатылғаны туралы мәліметтер ұсыну   | рәсім өтініштің қаралуы тоқтатылғаны туралы мәліметтерді қалыптастыруға және Комиссияға беруге арналған   |

## 5. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдерінің тобы

18. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрату түскен кезде орындалады.

Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен түскен сұратудың мынадай түрлері өңделеді:

медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату;

медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді сұрату;

медициналық бұйымдарды тіркеу туралы өзгертілген мәліметтерді сұрату;

тіркеу куәлігінің нөмірі туралы мәліметтерді сұрату.

Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұратуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді Комиссияда сақталатын медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтермен үйлестіру қажеттігін бағалау мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды. Сұратуды жүзеге асырған кезде "Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.MM.06.PRC.004) рәсімі орындалады.


Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының өтініштер туралы, сондай-ақ бірыңғай тізілімге қосылған, тіркелген медициналық бұйымдар турады көрсетілген күні өзекті болған мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді сұрату ағымдағы күнгі жағдай бойынша да, сұратуда көрсетілген күнгі жағдай бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін. Сұратуды жүзеге асырған кезде "Медициналық бұйымдардың тіркелгені туралы мәліметтер алу" (P.MM.06.PRC.005) рәсімі орындалады.

Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы өзгертілген мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының медициналық бұйымдарды тіркеу туралы өзгертілген мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Сұратуды орындаған кезде сұратуда көрсетілген күн мен уақыттан бастап интеграцияланған жүйе арқылы сұрату орындалған кезге дейінгі кезең ішінде қосылған, алып тасталған немесе өзгертілген медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсынылады. Сұратуды жүзеге асырған кезде "Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы өзгертілген мәліметтерді алу" (P.MM.06.PRC.006) рәсімі орындалады.

Тіркеу куәлігінің нөмірі туралы мәліметтерді сұрату медициналық бұйымдарды тіркеу туралы шешім қабылданған кезде тіркеу куәлігінің нөмірін референт

мемлекеттің уәкілетті органының алуы мақсатында орындалады. Сұратуды жүзеге асырған кезде "Тіркеу куәлігінің нөмірі туралы мәліметтерді алу" (P.MM.06.PRC.007) рәсімі орындалады.

19. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдері тобының кетірілген сипаттамасы 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

**Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы  | Сипаттамасы  |
|-------------------|--|--|
| 1                 | 2  | 3  |
| P.MM.06.PRC.004   | медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтердің | Комиссияда сақталатын медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпаратты мүше мемлекеттер уәкілетті органдарының ақпараттық |

|                 |   |  |
|-----------------|---|--|
|                 | жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу                    | жүйелерінен түскен сұрату бойынша интеграцияланған жүйе арқылы беруге арналған   |
| P.MM.06.PRC.005 | медициналық бұйымдардың тіркелгені туралы мәліметтер алу          | Комиссияда сақталатын медициналық бұйымдарды тіркеу туралы, көрсетілген күнге жаңаланған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен түскен сұрату бойынша интеграцияланған жүйе арқылы беруге арналған |
| P.MM.06.PRC.006 | медициналық бұйымдарды тіркеу туралы өзгертілген мәліметтерді алу | Комиссияда сақталатын медициналық бұйымдарды тіркеу туралы өзгертілген мәліметтерді, сұратуда көрсетілген күннен бастап интеграцияланған жүйе арқылы беруге арналған   |
| P.MM.06.PRC.007 | тіркеу куәлігінің нөмірі туралы мәліметтерді алу                  | референт мемлекеттің уәкілетті органы медициналық бұйымдарды тіркеу туралы шешім қабылдаған кезде тіркеу куәлігінің нөмірі туралы мәліметтерді алуға арналған  |

## 6. Тіркеу куәлігі қолданысы мәртебесінің өзгергені туралы хабарлау рәсімдерінің тобы

21. "Тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау" (P.MM.06.PRC.008) рәсімі тіркеу куәлігі қолданысының мәртебесі өзгерген, оның ішінде оның қолданысы тоқтатылған жағдайда орындалады.

Мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 30 тамыздағы № 92 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тіркелген медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес (бұдан әрі – Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) жүзеге асырылады.

22. Тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4-суретте көрсетілген.



4-сурет. Тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

**Тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы   | Сипаттамасы  |
|-------------------|---|--|
| 1                 | 2   | 3  |
| P.MM.06.PRC.008   | тіркеу куәлігінің қолданылу мәртебесінің өзгерісі туралы хабарлау | референт мемлекеттің уәкілетті органының тіркеу куәлігінің қолданысы тоқтатылғаны немесе оның күші жойылғаны (жойылғаны) туралы мәліметтерді беруге арналған |

**7. Сараптамалық қорытындыны қарау кезінде мәліметтер алу рәсімдерінің тобы**

24. Сараптамалық қорытындыны қарау кезінде мәліметтер алу рәсімдері медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне сараптама жүргізу кезінде, сондай-ақ тіркеу дерекнамасына өзгерістер енгізу кезінде сараптама жүргізу барысында орындалады. Референт мемлекеттің уәкілетті органы сараптамалық қорытындыны қалыптастырған кезде "Сараптамалық қорытындының мәліметтерін жіберу" (P.MM.06.PRC.009) рәсімі орындалады.

Сараптамалық қорытынды бойынша ескертулер мен ұсыныстар туындаған жағдайда "Тіркеу дерекнамасының жиынтығына ескертулер мен ұсыныстар жіберу" (P.MM.06.PRC.010) рәсімі орындалады.

Тану мемлекетінің уәкілетті органы сараптамалық қорытындыны тануды (танымауды) растау туралы шешім қабылдаған жағдайда "Сараптамалық қорытындыны тануды (танымауды) растау" (P.MM.06.PRC.011) рәсімі орындалады.

25. Сараптамалық қорытындыны қарау кезінде мәліметтер алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 5-суретте көрсетілген.



5-сурет. Сараптамалық қорытындыны қарау кезінде мәліметтер алу рәсімдері тобының жалпы сипаттамасы

26. Сараптамалық қорытындыны қарау кезінде мәліметтер алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

### Сараптамалық қорытындыны қарау кезінде мәліметтер алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы  | Сипаттамасы  |
|-------------------|--|--|
| 1                 | 2  | 3  |
| P.MM.06.PRC.009   | сараптамалық қорытындының мәліметтерін жіберу                    | референт мемлекеттің уәкілетті органының сараптамалық қорытындыдан мәліметтерді тану мемлекеттеріне беруіне арналған |
| P.MM.06.PRC.010   | тіркеу дерекнамасының жиынтығына ескертулер мен ұсыныстар жіберу | тану мемлекетінің уәкілетті органының сараптамалық қорытынды бойынша ескертулер мен ұсыныстар беруіне арналған       |
| P.MM.06.PRC.011   | сараптамалық қорытындыны тануды (танымауды) растау               | тану мемлекетінің уәкілетті органының сараптамалық қорытындыны тануды (танымауды) растауды беруіне арналған          |

### 8. Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу рәсімдерінің тобы



27. Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу рәсімдері медициналық бұйымдарды тіркеу кезінде немесе тіркеу куәлігінің қолданысы кезеңінде орындалады.

Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделген құжаттардың құрамы өзгерген жағдайда "Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттар құрамының өзгерісі туралы хабарлау" (P.MM.06.PRC.012) рәсімі орындалады.

Тану мемлекетінің уәкілетті органы тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттардың құрамы өзгергені туралы хабарлама алған кезде "Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттардың құрамы туралы мәліметтерді алу" (P.MM.06.PRC.013) рәсімі немесе "Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу" (P.MM.06.PRC.014) рәсімі орындалады.

Тану мемлекеті уәкілетті органының тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттардың құрамы туралы мәліметтерді алуы қажет болған жағдайда "Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттардың құрамы туралы мәліметтерді алу" (P.MM.06.PRC.013) рәсімі орындалады.

Тану мемлекетінің уәкілетті органының тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алуы қажет болған жағдайда "Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу" (P.MM.06.PRC.014) рәсімі орындалады.

28. Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы б-суретте көрсетілген.



6-сурет. Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

29. Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте

**Тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы  | Сипаттамасы  |
|-------------------|--|--|
| 1                 | 2  | 3  |
| P.MM.06.PRC.012   | тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттар құрамының өзгерісі туралы хабарлау | референт мемлекеттің уәкілетті органының медициналық бұйымдарды тіркеу кезінде медициналық бұйымдардың қауіпсіздігіне, сапасына және тиімділігіне сараптама жүргізу барысында тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделген құжаттардың құрамы өзгергені, сондай-ақ тіркеу дерекнамасында қамтылған құжаттардың құрамы өзгергені туралы хабарламаны беруіне арналған |
|                   | тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде   | тану мемлекетінің уәкілетті органының тіркеу дерекнамасында қамтылған  |


|                 |   |   |
|-----------------|---|---|
| P.MM.06.PRC.013 | ресімделген құжаттардың құрамы туралы мәліметтерді алу                              | немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттардың құрамы туралы мәліметтерді алуына арналған   |
| P.MM.06.PRC.014 | тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алу | тану мемлекетінің уәкілетті органының тіркеу дерекнамасында қамтылған немесе оны қарау кезінде ресімделген құжаттарды алуына арналған |

## 9. Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу рәсімдерінің тобы

30. "Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу" (P.MM.06.PRC.015) рәсімі Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын сұрататын мүше мемлекеттің уәкілетті органының Медициналық бұйымдардың жаһандық номенклатурасының медициналық бұйымдары түрінің кодына сәйкес келетін Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу қажет болған жағдайда орындалады.

Мәліметтерді ұсыну Уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

31. Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

32. Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте

### Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Сипаттамасы  |
|-------------------|-------|--|
| 1                 | 2     | 3  |
|                   |       | Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын сұрататын мүше мемлекеттің |

|                 |   |   |
|-----------------|---|---|
| P.MM.06.PRC.015 | Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алу | уәкілетті органының Одақтың медициналық бұйымдары түрінің кодын алуына арналған |
|-----------------|---|---|

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

33. Процеске қатысушалар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

### Ақпараттық объектілердің тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы   | Сипаттамасы   |
|-------------------|---|---|
| 1                 | 2   | 3   |
| P.MM.06.BEN.001   | медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер   | медициналық бұйымды тіркеу және байланысты рәсімдерді жүргізу процесінде қалыптастырылатын мәліметтер жиынтығы  |
| P.MM.06.BEN.002   | медициналық бұйымдардың түрлері туралы мәліметтер | Одақтың медициналық бұйымдар номенклатурасы операторында сақталатын медициналық бұйымдардың жаһандық номенклатурасын көрсете отырып, Одақтың медициналық бұйымдарының түрлері туралы мәліметтер |

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

34. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

35. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 9-кестеде берілген.

9-кесте

### Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|--|--|--|

| Кодпен белгіленуі | Атауы   | Типі       | Сипаттамасы  |
|-------------------|---|------------|--|
| 1                 | 2   | 3          | 4  |
| P.CLS.009         | өлшем бірліктерінің сыныптауышы   | сыныптауыш | БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының № 20 ұсынымына сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды  |
| P.CLS.019         | әлем елдерінің сыныптауышы  | сыныптауыш | ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдердің атаулары мен олардың кодтарының тізбесін қамтиды  |
| P.CLS.024         | тілдер сыныптауышы  | сыныптауыш | ISO 639-1 стандартына сәйкес тілдердің атаулары мен олардың кодтарының тізбесін қамтиды  |
| P.CLS.054         | ұйымдық-құқықтық нысандар сыныптауышы   | сыныптауыш | Комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 54 шешімімен бекітілген ұйымдық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды  |
| P.CLS.064         | Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдар номенклатурасы                                 | сыныптауыш | Комиссия Алқасының 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 46 шешімімен бекітілген медициналық бұйымдар түрлерінің номенклатуралық атаулары, кодтары мен сипаттамалары көрсетілген медициналық бұйымдар түрлерінің тізбесін қамтиды |
| P.MM.06.CLS.001   | медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделетін құжаттар түрлерінің сыныптауышы | сыныптауыш | Комиссия Алқасының 2018 жылғы 21 тамыздағы № 135 шешімі мен бекітілген тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделген құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды                                    |
|                   |   |            | Комиссия Алқасының 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 46 шешімімен бекітілген медициналық  |

|                 |   |            |  |
|-----------------|---|------------|--|
| P.MM.06.CLS.002 | медициналық бұйымның тіркеу дерекнамасының құжаттары түрлерінің сыныптауышы   | сыныптауыш | бұйымның тіркеу дерекнамасының құжаттары түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды   |
| P.MM.06.CLS.003 | медициналық бұйымдардың тіркеу куәліктері мәртебелерінің сыныптауышы  | сыныптауыш | тіркеу куәліктері мәртебелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды  |
| P.MM.06.CLS.004 | медициналық бұйымды тіркеу туралы өтінішті қарау барысын қадағалап отыру үшін мәртебелер сыныптауышы  | сыныптауыш | өтінішті қарау барысын қадағалап отыру үшін мәртебелердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды   |
| P.MM.06.CLS.005 | медициналық бұйымға тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделген құжаттардың немесе медициналық бұйымға тіркеу дерекнамасында қамтылған құжаттардың элементтері түрлерінің сыныптауышы | сыныптауыш | медициналық бұйымға тіркеу дерекнамасын қарау кезінде ресімделген құжаттардың немесе медициналық бұйымға тіркеу дерекнамасында қамтылған құжаттардың элементтері түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды |

## **VIII. Жалпы процес рәсімдері**

### **1. Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жинау және жаңартып тұру рәсімдері**

#### **"Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.001) рәсімі**

36. "Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. "Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

37. "Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.001) рәсімі референт мемлекеттің уәкілетті органы келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді алған жағдайда орындалады.

38. Алдымен "Комиссияға келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді беру" (P.MM.06.OPR.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді қалыптастырады және оларды Комиссияға жолдайды.

39. Комиссияға келіп түскен өтініштер туралы мәліметтер түскен кезде "Келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.06.OPR.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия аталған мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны референт мемлекеттің уәкілетті органына жолдайды.

40. Референт мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама түскен кезде "Келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.06.OPR.003) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша референт мемлекеттің

уәкілетті органы келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алады.

41. Комиссияның келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді алуы және референт мемлекеттің уәкілетті органының келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алуы "Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.001) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

42. "Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

**"Комиссияға келіп түскен өтініш туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы   | Сипаттамасы                                |
|-------------------|---|--|
| 1                 | 2   | 3  |
| P.MM.06.OPR.001   | Комиссияға келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді беру                      | осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген |
| P.MM.06.OPR.002   | келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу                     | осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген |
| P.MM.06.OPR.003   | келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу | осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген |

11-кесте

**"Комиссияға келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді беру" (P.MM.06.OPR.001) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы  |
|-------|-----------------------|--|
| 1     | 2                     | 3  |
| 1     | Кодпен белгіленуі     | P.MM.06.OPR.001  |
| 2     | Операция атауы        | Комиссияға келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді беру   |
| 3     | Орындаушы             | референт мемлекеттің уәкілетті органы  |
| 4     | Орындау шарттары      | өтініш келіп түскен кезде орындалады   |
| 5     | Шектеулер             | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы<br>Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес болуға тиіс |



|   |                         |   |
|---|-------------------------|---|
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді қалыптастырады және Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жолдайды |
| 7 | Нәтижелер               | келіп түскен өтініш туралы мәліметтер Комиссияға жолданды   |

12-кесте

**"Келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.06.OPR.002) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементтің белгіленуі   | Сипаттамасы   |
|-------|-------------------------|---|
| 1     | 2                       | 3   |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | P.MM.06.OPR.002   |
| 2     | Операция атауы          | келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу   |
| 3     | Орындаушы               | Комиссия  |
| 4     | Орындау шарттары        | келіп түскен өтініштер туралы мәліметтер түскен кезде орындалады ("Комиссияға келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді беру" (P.MM.06.OPR.001) операциясы)  |
| 5     | Шектеулер               | мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес болуға тиіс  |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы мәліметтерді қабылдайды және Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды тексереді. Тексеріс ойдағыдай орындалған жағдайда орындаушы келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді оларды жаңарту күні мен уақытын толтырып, қабылдау мен өңдеуді жүзеге асырады, келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны қалыптастырады және Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес өңдеу нәтижесі |

|   |           |   |
|---|-----------|---|
|   |           | мәліметтердің қосылуына сәйкес келетін кодының мәнімен референт мемлекеттің уәкілетті органына жолдайды   |
| 7 | Нәтижелер | медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер жаңартылды, референт мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жолданды |


13-кесте

**"Келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.06.OPR.003) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементтің белгіленуі   | Сипаттамасы   |
|-------|-------------------------|---|
| 1     | 2                       | 3   |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | P.MM.06.OPR.003   |
| 2     | Операция атауы          | келіп түскен өтініш туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу   |
| 3     | Орындаушы               | референт мемлекеттің уәкілетті органы   |
| 4     | Орындау шарттары        | орындаушы келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Комиссияға келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді беру" (P.MM.06.OPR.002) операциясы) |
| 5     | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес болуға тиіс   |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы хабарламаны қабылдайды және Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оны тексереді  |
| 7     | Нәтижелер               | келіп түскен өтініштер туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды   |

**"Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.002) рәсімі**

43. "Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну" ( P.MM.06.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 9-суретте көрсетілген.



9-сурет. "Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну" ( P.MM.06.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

44. "Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну" ( P.MM.06.PRC.002) рәсімін референт мемлекеттің уәкілетті органы медициналық бұйымдарды тіркеу туралы шешім қабылданған, сондай-ақ Комиссияда сақталатын медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді жаңартып тұру үшін тіркелген медициналық бұйым туралы мәліметтер өзгерген кезде орындайды.

"Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.002) рәсімі шеңберінде Комиссия медициналық бұйымдардың бірыңғай тізілімінің ашық бөлігіндегі мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды

қосымша қамтамасыз етеді, сондай-ақ Одақтың ақпараттық порталында жарияланған мәліметтерді іздестіру және мүдделі тұлғаларға ұсыну мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

45. Алдымен "Медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді беру" (P.MM.06.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша референт мемлекеттің уәкілетті органы медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жолдайды.

46. Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Медициналық бұйымды тіркеу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.06.OPR.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша Комиссия аталған мәліметтерді алады, өзгеру тарихын сақтай отырып, оларды өңдейді және референт мемлекеттің уәкілетті органына медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны жолдайды.

47. Референт мемлекеттің уәкілетті органына медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Медициналық бұйымды тіркеу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.MM.06.OPR.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша референт мемлекеттің уәкілетті органы медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

48. "Медициналық бұйымды тіркеу туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.MM.06.OPR.005) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай тізілімде мәліметтерді жариялау мүмкіндігін тексеру" (P.MM.06.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша медициналық бұйымдарды тіркеу туралы алынған мәліметтер Одақтың ақпараттық порталындағы бірыңғай тізілімде оларды жариялау мүмкіндігін айқындау үшін Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 30 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың медициналық бұйымдарының айналысы саласындағы ақпараттық жүйені қалыптастыру және жүргізу тәртібінің (бұдан әрі – Тәртіп) талаптарына сәйкес тексеріледі.

Комиссия Одақтың ақпараттық порталындағы бірыңғай тізілімде жарияланбайтын медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтерді алған жағдайда "Комиссияға медициналық бұйымдарды тіркеу туралы мәліметтер ұсыну" (P.MM.06.PRC.002) рәсімі аяқталады.

